Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Урал Ойл энд Газ" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен таныста және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы осы Шарттың талаптарына сәйкес "Орал Ойл энд Газ" ЖШС интеграцияланған менеджмент жүйесінің аккредиттелген сәйкестік сертификаттарын бере отырып, ISO 14001 және ISO 45001 талаптарына сәйкестігіне сертификаттық аудит жүргізу жөніндегі қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушының Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, Қызметтерді қабылдауға және олардың ақысын осы Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қызметтердің көлемі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1 қосымшада (Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі) және № 2 қосымшада (Техникалық сипаттама) көрсетілген.

1.3. Орындаушы _____ елінің заңнамасына сәйкес тіркелген тұлға болып табылады, салықтық тіркеу нөмірі: _____ (осы тармақ Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда толтырылуға тиіс).

1.4. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып, Қызметтердің көлемі мен сипатына, Тапсырыс беруші ұсынған ақпараттың дұрыстығы мен дәлдігіне, сондай-ақ осы Шарттың орындалуына әсер етуі мүмкін басқа да мәселелерге қанағаттанатынын растайды.

1.5. Орындаушы осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету барысында туындауы мүмкін барлық тәуекелдер мен болжанбаған мән-жайлардың ықтималдығын ескергенін және қабылдағанын растайды, сондай-ақ осы Шарттың және оған қоса берілген Қосымшалардың талаптарында көзделген Қызметтерді тиісінше әрі сапалы көрсету үшін толық жауапкершілікті өзіне алады.

1.6. Егер Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық әрі тиісінше орындау үшін қажетті жекелеген шығындарды (оның ішінде болжанбаған шығындарды) Шарттың жалпы сомасына енгізбеген жағдайда, Қызметтердің қымбаттау тәуекелі және/немесе кез келген қосымша сомаларды төлеу міндеті Орындаушының өзіне жүктеледі.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Орындаушы Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес, оның ішінде Шарт жасалған кезде көрсетілетін Қызметтердің толық көлемін немесе оларды орындауға қажетті шығындарды толық көлемде алдын ала қарастыру мүмкін болмаған жағдайда да. Егер Шартта көзделмеген, бірақ Қызметтерді толық аяқтау үшін қажетті Қызметтердің көлемі анықталған жағдайда, Орындаушы осы Шартқа қосымшаларда көзделмеген аталған Қызметтерді өз күшімен және мүмкіндігінше қысқа мерзімде Шарт сомасын ұлғайтпастан, өзінің болжанбаған шығыстары есебінен орындауға міндетті. Қандай да бір жағдайда Орындаушының жоғарыда көрсетілген анықталған Қызметтер көлемін орындауға жұмсалған шығындарды Тапсырыс берушіден өтеуді талап етуге құқығы туындамайды.

2.1.2. Орындаушының нақты шығындары бағаны айқындау (сметаны жасау) кезінде ескерілген шығындардан төмен болған және Орындаушы алған үнем көрсетілген Қызметтердің сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші осындай үнемді Тараптар арасында тең мөлшерде бөлуді талап етуге құқылы.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Төлем көрсетілген Қызметтердің орындалған көлемі бойынша Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін 100% орындағаннан кейін, осы Шарттың 2.4-тармағында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.4. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі-Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Шот-фактураны;

2.4.3. Көрсетілген қызметтер актісі.

2.4.4. Өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісі (түпкілікті есеп айырысу кезінде ресімделеді).

2.5. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.6. Шот/шот-фактура көрсетілген Қызметтер актісінің негізінде жазып беріледі және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес өткізу бойынша айналым жасалған күннен бұрын емес және Қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жазып берілуге (күн қойылуға) тиіс.

2.7. Тапсырыс беруші қандай да бір шотқа толықтай немесе ішінара дау айтқан жағдайда, бұл туралы Орындаушыны дереу хабардар етуге тиіс, ал дау Тапсырыс берушінің пайдасына шешілгеннен кейін Орындаушы дауға жатпайтын соманың бөлігіне қайтадан шот ұсынуға тиіс. Тапсырыс беруші мен Орындаушы даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және тиісті түзетулер енгізу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс.

2.8. Кез келген шот-фактураға қатысты Тапсырыс берушінің төлем жасауы, төлем жасамауы немесе төлемге қарсылық білдіруі, қандай да бір дауды реттеу кезінде жүргізілген кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Орындаушы ұсынған шот-фактураларды мойындағанын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан жүзеге асырылатын кез келген төлем оның шотта көрсетілген кез келген соманың негізділігіне кейіннен дау айту құқығын сақтаған жағдайда жүзеге асырылады.

2.9. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу жүргізілгенге дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынатын нысан бойынша өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісіне қол қояды. Орындаушы Тапсырыс берушіден өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған қол қоюға және Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті.

2.10. Орындаушымен есеп айырысу кезінде Орындаушы Тапсырыс берушінің Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасында жасалған барлық шарттар бойынша төленуге жататын соманы өзара есепке жатқызу тәртібімен біржақты тәртіппен мынадай сомаларға азайтуға құқылы екендігімен келіседі: - Орындаушының Тапсырыс беруші алдындағы өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші ұсынатын айыппұл санкцияларының және/немесе залалдардың сомасына; - Орындаушының Тапсырыс берушіге төлеуге жататын кез келген берешегінің сомасына.

2.11. Тапсырыс беруші Орындаушыға төлем жасау кезінде құжаттар топтамасының, оның ішінде өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісінің тиісінше ресімделмеуіне және/немесе төлем жасауға уақтылы ұсынылмауына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.12. Шарт бойынша төлем Тапсырыс берушінің Шарттың 18-бөлімінде көрсетілген Орындаушының есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүзеге асырылады.

2.13. Тапсырыс берушінің және Орындаушының банктік деректемелері немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, Тараптар осындай өзгеріс енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы бір-бірін алдын ала хабардар етуге міндетті. Көрсетілген хабардар ету мерзімінің бұзылуы немесе Орындаушының төлем жасау үшін банктік деректемелерді дұрыс көрсетпеуі салдарынан төлемдер қате деректемелер бойынша жүзеге асырылған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған болып есептеледі. Бұл ретте аударылған ақша қаражаты Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылған жағдайда, Тапсырыс беруші алынған ақша қаражатын Орындаушыға аударуға міндетті, бұл ретте ақша қаражатын қате деректемелер бойынша аудару нәтижесінде Тапсырыс беруші шеккен қосымша шығыстардың сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалады.

2.14. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге және тиісті қосымша келісімге қол қоюға міндеттенеді.

2.15. Осы арқылы Орындаушы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартының талаптарымен танысқанын және оларды қабылдайтынын растайды.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.1. Қызметтерді көрсету мерзімі, шарттары және көлемі осы Шартқа №2 қосымшада (Техникалық сипаттама) көзделген. Бұл ретте Орындаушы осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қызметтерді көрсетуге кірісуге міндетті.

3.2. Көрсетілген Қызметтерді Тапсырыс беруші осы Шартқа №1, №2 және №4 қосымшалардың талаптарына сәйкес Көрсетілген қызметтер актісі негізінде көлемі мен сапасы бойынша қабылдайды. Қызметтерді көрсету күні болып Тапсырыс берушінің Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күні есептеледі.

3.3. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Орындаушы өзі және өзінің бірлесіп орындаушылары (бар болған жағдайда) үшін Тапсырыс берушінің аумағына Қызметтерді көрсету мақсатында кіруге рұқсат-өткізуді Тапсырыс берушіден алуға міндетті. «Рұқсат-өткізу» – Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша ресімделетін, Орындаушыға (бірлесіп орындаушыға) Қызметтерді көрсету мақсатында Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне кіру құқығын беретін және Орындаушының (бірлесіп орындаушының) жарақтандырылуының осы Шартта белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжат.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Қызметтерді көрсету туралы қорытынды Актімен бірге осы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің барлық көлемі (саны) бойынша елішілік құндылықтың есебін электрондық құжат нысанында (Веб-порталда ұсынылады) ұсынуға міндетті.

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.4. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін біліктілігі, тәжірибесі және құзыреттілігі Орындаушының осы Шарт бойынша міндеттерін тиісті түрде орындауға мүмкіндік беретін мамандарды тарту;

4.1.5. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.10. Шарттың және оған қосымшалардың талаптарына сәйкес Қызметтердің тиісті сапада және уақтылы көрсетілуін қамтамасыз ету;

4.1.11. Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде шарттық міндеттемелерді орындау кезінде Орындаушы қызметкерлерінің Тапсырыс беруші белгілеген өткізу және объектішілік режим талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;

4.1.12. Осы Шартта көзделген көрсетілген Қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысанға сәйкес Көрсетілген қызметтер актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактураны жазып беруге;

4.1.13. Орындаушы Қызметтерді көрсету үшін осы Шарт шеңберінде бірлесіп орындаушыларды тартқан жағдайда, осындай бірлесіп орындаушыларды ескере отырып, көрсетілген Қызметтердегі елішілік құндылықтың үлесі туралы есептің ұсынылуын қамтамасыз ету;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.14. Қызметтердегі елішілік құндылықтың үлесі туралы ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру;

4.1.15. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес Шартта және Техникалық сипаттама (№2 қосымша) көзделген барлық Қызметтерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, оның ішінде Қызметтерді уақтылы көрсетпегені және сапасыз көрсеткені үшін Тапсырыс берушінің алдында жауапты болу;

4.1.16. Өз қаражаты есебінен Орындаушының (бірлесіп орындаушылардың) қызметкерлерін осы Шарт бойынша талап етілетін Қызметтерді көрсету үшін Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне тасымалдауды қамтамасыз ету.

4.1.17. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара қандай да бір тұлғаға бермеу;

4.1.18. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге қосалқы орындаушылар тартылған жағдайда, Орындаушы оларды тарту кезінде осы Шартты орындау шеңберінде жасалған барлық қосалқы шарттардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. Қосалқы орындаушылардың тартылуы Орындаушыны осы Шарт бойынша материалдық немесе өзге де жауапкершіліктен, оның ішінде өндірістік және еңбек тәртібін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды. Тапсырыс беруші осы Шарт талаптарының бұзылуына байланысты қосалқы орындаушыға талаптар қоюға құқылы. Орындаушы өзі тартқан қосалқы орындаушының әрекеттері үшін жауапты болады.

4.1.19. Қажет болған жағдайда, осы Шартты орындау үшін қажетті барлық қолданылатын материалдарды, жабдықтарды, көлік құралдарын және арнайы техниканы пайдалануға және пайдалануға кірісер алдында Тапсырыс берушімен келісу;

4.1.20. Егер Тапсырыс беруші объективті себептерді көрсете отырып, Орындаушыдан Орындаушының немесе қосалқы орындаушының қызметкері болып табылатын тұлғаны Қызметтерді көрсетуден шеттетуді талап етсе, Орындаушы осы тұлғаны Қызметтерді көрсетуден шеттетуге және 72 сағат ішінде Тапсырыс берушінің аумағынан шығаруға міндетті. Осыдан кейін аталған тұлғаның осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге қандай да бір қатысы болмауға тиіс.

4.1.21. Көрсетілетін Қызметтердің сапасына бақылау жүргізу, көрсетілетін Қызметтердегі кемшіліктердің алдын алу және оларды жою бойынша уақтылы шаралар қабылдау;

4.1.22. Тапсырыс берушіге көрсетілген Қызметтер туралы, оның ішінде орындалған Қызметтердің көлемі туралы нақты және толық ақпарат ұсыну, сондай-ақ Қызметтердің жинақтаушы тізімдемесін, барлық атқарушылық және есептік құжаттаманы жүргізу;

4.1.23. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеу;

4.1.24. Шот-фактуралар мен көрсетілген қызметтер актілерін уақтылы ұсыну;

4.1.25. Техникалық сипаттаманың талаптарынан төмен емес деңгейде көрсетілетін Қызметтердің тиімділік деңгейіне кепілдік беру, ол осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады;

4.1.26. Өз қаражаты есебінен көрсетілетін Қызметтерге байланысты тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыруға, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан сақтандыруға, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануына байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, оның ішінде қоршаған ортаға келтірілген залалдың салдарын жоюға жұмсалатын шығындарды, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік тәуекелдерін сақтандыруға;

4.1.27. Тапсырыс берушінің аумағында осы Шарттың талаптарын, өнеркәсіптік, экологиялық, санитариялық, өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарын, қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы талаптарды, оның ішінде Шарттың №5 қосымшасында көзделген талаптарды сақтауға, Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес Қызметтер көрсетуге, Тапсырыс берушінің аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі барлық шаралардың орындалуын өз қаражаты есебінен қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қызметтерді көрсету кезінде жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтамағаны үшін толық жауапкершілікке тартылуға. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, Орындаушыға Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы немесе оның Қызметтерінің көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп таныған Қызметтермен ғана шектелуі мүмкін. Бұл ретте Орындаушы Қызметтерді тиісінше орындамағаны және/немесе уақтылы көрсетпегені үшін жауапты болады;

4.1.28. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету кезінде жол берілген бұзушылықтар үшін толық жауапкершілікте болуға, сондай-ақ Орындаушының және/немесе қосалқы орындаушылардың заңнаманы бұзуы салдарынан Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдар салған кез келген өндіріп алуларды (оның ішінде айыппұл санкцияларын) толық көлемде өтеуге, сондай-ақ экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі салаларындағы бұзушылықтар бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеп соққан жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық зардаптарды толық жоюды, оның ішінде табиғи ресурстарды қалпына келтіруді жүзеге асыруға; Орындаушы Шарт талаптарын тиісінше орындамауы, сондай-ақ өзге де құқыққа қайшы әрекеттері салдарынан Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдарды Тапсырыс берушіге өтейді. Орындаушы көрсеткен Қызметтерге қатысты құзыретті мемлекеттік орган немесе кез келген басқа үшінші тұлғалар талап қойған, соның нәтижесінде Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынған немесе қандай да бір залал сомалары өндіріп алынған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша аталған айыппұлдың (өсімпұлдың) және залалдардың сомасын Тапсырыс берушіге дереу өтеуге міндетті.

4.1.29. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Орындаушының/қосалқы орындаушының қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарын сақтауына тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге;

4.1.30. Орындаушы қызметі Тапсырыс берушінің қызметімен салыстырылатын ұйымдарда экологиялық менеджмент және/немесе еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау менеджменті жүйелеріне сертификаттық аудит жүргізу құзыреттілігін кемінде үш ұйымда орындалған жұмыстар актілерін немесе өзге де растайтын құжаттарды қоса алғанда, қызметтер көрсетуді растайтын құжаттармен растайды.

4.1.31. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті рұқсат беру құжаттарын алуға байланысты (оларды алу қажет болған жағдайда), сондай-ақ уәкілетті органдардың талаптарын орындауға байланысты барлық шығыстарды өз бетінше көтеруге, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: - көрсетілетін Қызметтерге қажетті лицензиялар мен сертификаттарды алуға байланысты шығыстарды; - қандай да бір құралдарға, жабдықтарға, технологияларға немесе оларды пайдалануға не өндіруге қатысты құқықтар мен басым құқықтарға байланысты кез келген патент иеленушілер мен лицензия иелерінің талаптарын орындауға байланысты шығыстарды, егер мұндай талаптар Орындаушының Қызметтерді көрсетуге байланысты кез келген осындай құралды, жабдықты немесе технологияны ұсынуы немесе пайдалануы нәтижесінде не соған байланысты туындауы мүмкін болса. Орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді; - Шарт бойынша Қызметтерді тиісінше көрсету үшін қажетті өзге де рұқсат беру құжаттарын алуға байланысты шығыстарды, оның ішінде аурулардың эпидемиологиялық ауқымда таралуына қарсы бағытталған іс-шараларға байланысты рұқсаттарды.

4.1.32. Орындаушы қолданылатын стандарттарды, сертификаттау саласын, қызмет түрлерін және Тапсырыс берушінің тәуекелдерін ескере отырып, аудиттің бейінді мамандары тобының қатысуын қамтамасыз етеді; сұрау салу бойынша топтың құрамы мен құзыреттілігі туралы мәліметтерді ұсынады.

4.1.33. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Шарттың орындалуына байланысты кез келген (дұрыс) ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: - Қызметтерді көрсетуге қатысты іс-шаралардың орындалу мәртебесі туралы ақпаратты және оны растайтын құжаттарды (мысалы, Орындаушының Қызметтерді көрсету үшін материалдарды алғанын растайтын актілердің көшірмелерін және т.б.); - Орындаушының (қосалқы орындаушылардың) Қызметтерді көрсетуге тартылған персоналының біліктілік құрамы туралы ақпаратты; - Қызметтерді көрсетуге тартылатын көлік құралдары мен жабдықтар туралы, сондай-ақ олар бойынша құқық белгілейтін және рұқсат беру құжаттарын (қолданылған жағдайда) ұсынуға міндетті.

4.1.34. Төменде көрсетілген жағдайлар анықталған кезде Тапсырыс берушіні дереу хабардар етуге және одан тиісті нұсқаулар алғанға дейін Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға: а) Тапсырыс берушінің Қызметтерді көрсету тәсіліне қатысты нұсқауларын орындаудың Тапсырыс беруші үшін ықтимал қолайсыз салдары; б) Қызметтерді көрсетудің теріс нәтижесі немесе оларды одан әрі көрсетудің орынсыздығы; в) Орындаушыға байланысты емес, көрсетілетін Қызметтердің нәтижелерінің жарамдылығына немесе сапасына қауіп төндіретін не оларды белгіленген мерзімде орындауға мүмкіндік бермейтін өзге де мән-жайлар. Қызметтерді көрсетуді жалғастырудың орындылығы туралы мәселені Тараптар Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешеді;

4.1.35. Шарт бойынша Тапсырыс берушіге берілетін Қызметтер нәтижелеріне үшінші тұлғалардың айрықша және өзге де құқықтарының, сондай-ақ оларға қатысты ақшалай талаптарының болмауын қамтамасыз ету. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы көрсетілген Қызметтердің нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне қатысты айрықша құқықтарды Тапсырыс берушіге беруге міндетті;

4.1.36. Орындаушының (қосалқы орындаушылардың) қызметкерлерінің осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге қатысы жоқ Тапсырыс берушінің аумағында орын ауыстыруына (жүріп-тұруына) жол бермеу;

4.1.37. Егер Шартта Қызметтерді жобаларға, сметаларға, жұмыс сызбаларына және Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормаларға сәйкес көрсету көзделген болса, Орындаушы Қызметтерді аталған құжаттамада көрсетілген талаптарға толық сәйкес көрсетуге міндетті;

4.1.38. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету аяқталғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден алынған барлық ақпаратты қағаз және электрондық жеткізгіштерде қайтару;

4.1.39. Орындаушы Шартта көзделген Қызметтерді салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып көрсетуге, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдердің уақтылы және дұрыс есептелуін, сондай-ақ салықтық есептіліктің дұрыс жасалуын және салық органына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы осы тармақты және осы Шарттың өзге де талаптарын тиісінше орындамаған, оның ішінде дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша осыған байланысты Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндетті. Залалдарды өтеу жөніндегі міндеттеме Тапсырыс беруші үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.40. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау жүргізу, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулардың көрсетілмегені (төленбегені) немесе расталмағаны фактілерін анықтаса, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС бойынша асып кеткен соманы қайтарудан бас тартылса немесе қосымша есептелуге жататын салықтар белгіленсе, Орындаушы Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС бойынша асып кеткен соманы, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, қосымша есептелуге жататын барлық өзге де салықтарды толық көлемде өтеуге міндетті. Осы тармақта көзделген талап тек Орындаушымен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді және Орындаушының өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарына да қолданылады, егер мұндай өзара қарым-қатынастар қандай да бір себептермен Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауына, қосылған құн салығының қайтарылмауына және мемлекеттік органдардың Тапсырыс берушіге ұсынған салықтар мен қаржылық санкциялардың қосымша есептелуіне әкеп соқса;

4.1.41. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі және/немесе тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде төлем көзінен ұсталатын салықтан босатуды негізсіз қолдану фактісін, оның ішінде мұндай босату шарттарының Орындаушыға қолданылмайтындығына байланысты анықтаған жағдайда, Орындаушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге жататын салықтар мен қаржылық міндеттемелердің барлық сомасын өтеуге міндетті. Тапсырыс беруші аталған жағдайлардың туындағанын растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады;

4.1.42. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайын Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы орындаушылар туралы олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен үлестестігі белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге ақпарат ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші түпкілікті бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелуін тексеру құқығын өзіне қалдырады;

4.1.43. Осы Шартта көзделмеген, бірақ Шарт бойынша Қызметтерді көрсету талаптарынан туындайтын өзге де міндеттерді орындау.

4.2. Орындаушы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

4.2.6. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

4.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Орындаушыдан көрсетілген құжатты алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген Қызметтерді Көрсетілген Қызметтер актісі бойынша қабылдауға немесе сол мерзімде көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан дәлелді бас тартуды жіберуге. Көрсетілген Қызметтерде кемшіліктер болған жағдайда, оларды жою мерзімін көрсете отырып, кемшіліктердің тізбесін Орындаушыға жіберуге;

4.3.6. Көрсетілетін Қызметтердің көлемінің, құнының және сапасының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру.

4.4. Тапсырыс беруші:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

4.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Осы Шартта және оған қоса берілген Қосымшаларда көрсетілген Қызметтердің сапалы және уақтылы көрсетілуін, сондай-ақ Қызметтерді көрсету барысында немесе олар көрсетілгеннен кейін анықталған кемшіліктердің жойылуын талап етуге;

4.4.7. Орындаушының осы Шарттың 4.1.3-тармағында көзделген мерзімді бұза отырып кемшіліктерді жою жөніндегі міндеттемелерін орындамаған немесе оларды тиісті мерзімде орындамаған жағдайда, Қызметтерді көрсетудің (немесе оның бір бөлігінің) аяқталғаны немесе тоқтатылғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға;

4.4.8. Ескертулер болған жағдайда, олар толық жойылғанға дейін Көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюдан бас тартуға;

4.4.9. Осы Шарт бойынша төлем сомалары туралы ақпаратты, оның ішінде Орындаушының атауын, шот нөмірін және төлем мақсатын қамтитын банк көшірмесін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның қауіпсіз электрондық мекенжайына ұсынуға, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның сұрауы бойынша осы Шартқа қатысты кез келген ақпаратты ұсынуға;

4.4.10. Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларының талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтамағаны үшін Орындаушының немесе қосалқы орындаушының (қосалқы орындаушылардың) персоналы мен көлік құралдарының Тапсырыс берушінің объектілеріне кіруін анықталған бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін шектеуге;

5. Техникалық қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы талаптар

5.1. Орындаушы міндетті:

5.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру саласындағы еңбек қатынастары, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ), табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану салаларындағы Тапсырыс берушінің нормативтік және регламенттеуші құжаттарының талаптарына сәйкес Қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз етуге;

5.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру саласындағы еңбек қатынастары, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ), табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану салаларындағы Тапсырыс берушінің нормативтік және регламенттеуші құжаттарына сәйкес Қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз етуге;

5.1.3. Орындаушының қызметі мен оның қызметкерлерінің әрекеттері нәтижесінде орын алған оқиғалар салдарынан Тапсырыс берушіге мемлекеттік бақылаушы органдар залалды өтеу және айыппұл санкцияларын төлеу туралы талаптар қойған жағдайда, залал мен айыппұл сомаларын төлеуге байланысты Тапсырыс беруші шеккен барлық шығындарды толық көлемде өтеуге;

5.1.4. Шарттың талаптарын, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының (Саясаттар, Қағидалар, оның ішінде Алтын қағидалар, нұсқаулықтар, регламенттер және т.б.) талаптарын, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың талаптарын, оның ішінде еңбек және экологиялық заңнаманы, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану саласындағы талаптарды сақтауға, Қызметтерді қауіпсіз көрсету қағидатын ұстануға және өндірістік жарақаттануды нөлдік деңгейге дейін төмендетуге ұмтылуға;

5.1.5. Шарттың талаптарын, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының (Саясаттар, Қағидалар, оның ішінде Алтын қағидалар, нұсқаулықтар, регламенттер және т.б.) талаптарын, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың, оның ішінде еңбек және экологиялық заңнаманың, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану салаларындағы талаптарын сақтауға, Қызметтерді қауіпсіз көрсету қағидатын ұстануға және өндірістік жарақаттануды нөлдік деңгейге дейін төмендетуге ұмтылуға. Орындаушы осы бөлімде көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қажетті шарттарды, талаптар мен стандарттарды сақтамаған жағдайда, Тапсырыс беруші

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Шартты бұза отырып, Орындаушыға Қызметтердің қалған көлемін орындауға тыйым салуға не тыйым салуға негіз болған себептер жойылғанға дейін Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға құқылы. Бұл ретте Қызметтердің көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп есептеген Қызметтермен ғана шектелуі мүмкін. Бұл ретте Орындаушы Қызметтердің Шартта белгіленген мерзімдерде уақтылы көрсетілуіне жауапты болады;

5.1.6. Тиісті сападағы мамандандырылған көлік құралдары мен жабдықтарды пайдалана отырып Қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз етуге;

5.1.7. Өз қаражаты есебінен Орындаушыға қажетті барлық рұқсат беру құжаттарын, оның ішінде Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге мемлекеттік және өзге де органдар беретін лицензияларды, сертификаттарды және өзге де рұқсаттарды, сондай-ақ еңбек қызметі Қызметтерді көрсетуге байланысты болатын Орындаушының барлық жұмыскерлері, агенттері немесе қызмет көрсетуші персоналы үшін кіру визаларын, тұруға рұқсаттарды, жұмыс істеуге рұқсаттарды алуға және олардың толық күшінде әрі қолданыста болуын қамтамасыз етуге;

5.1.8. Қызметтер көрсетілетін объектінің қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі салаларында қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

5.1.9. Орындаушы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін жеткілікті персоналдың тұрақты болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметтерді көрсетуге қатысатын, төмендегі талаптарға сәйкес келмейтін Орындаушының кез келген персоналын ауыстыруға міндетті: • өз міндеттерін орындау кезінде біліксіздік немесе немқұрайлылық танытқан не Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы келетін немесе оның мүдделеріне зиян келтіретін қызметпен айналысатын; • Шарттың қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтамайтын.

5.1.10. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін қосалқы орындаушылар тартылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге қосалқы орындаушының Шартта белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) талаптарына сәйкестігі туралы ақпаратты ұсынуға және Шарттың 3.3-тармағына сәйкес Тапсырыс берушіден Рұқсат-өткізуді алуға міндетті. Орындаушы қосалқы орындаушылармен жасалатын шарттарға осы бөлімде көзделген талаптарды енгізуге және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы қосалқы орындаушылармен жасалған шарттардың көшірмелерін ұсынуға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің шарт мәтініне қатысты ескертулері болған жағдайда, шартқа тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуге міндетті;

5.1.11. Орындаушының барлық жұмыскерлерінің тиісті кәсіптер бойынша Қызметтерді сапалы көрсету үшін қажетті тәжірибесі мен біліктілігінің болуын, еңбек тәртібін сақтауын, сондай-ақ Қызметтерге немесе оларды көрсетуге қатысты еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген барлық талаптар мен Тапсырыс берушінің талаптарын орындауын қамтамасыз етуге. Орындаушы Қызметтерді өзі қызметін жүзеге асыратын тиісті салада (индустрияда) қабылданған ең жоғары стандарттарға сәйкес көрсетуге тиіс. Қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы Қызметтер көрсетілетін учаскеге кіру үшін талап етілуі мүмкін Орындаушы жұмыскерлерін қосымша оқытуды өз қаражаты есебінен қамтамасыз етуге міндетті (мысалы, жүргізушілер үшін қауіпсіздік және қысқы жүргізу бойынша оқыту);

5.1.12. Тапсырыс берушіні Орындаушының және/немесе қосалқы орындаушылардың жұмыскерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянға, сондай-ақ Орындаушының жабдығының немесе мүлкінің жоғалуына, бүлінуіне немесе пайдалануға жарамсыз болуына байланысты туындаған кез келген және барлық жауапкершіліктен, залалдан, талап-арыздардан немесе шығындардан (сот шығындары мен өзге де шығыстарды қоса алғанда) қорғауға, олардың орнын толтыруға және олардан зиянсыз күйде ұстауға міндетті. Бұл міндеттеме Тапсырыс берушінің абайсыздығына немесе өз міндеттерін тиісінше орындамауына қарамастан қолданылады. Осы тармақтың мақсаттары үшін Орындаушының жабдығы немесе мүлкі деп Орындаушының меншігіндегі, жалға алынған немесе Қызметтерді көрсету үшін Орындаушы ұсынған барлық жабдық пен мүлік түсініледі;

5.2. Жеке қорғаныш құралдарын (ЖҚҚ) қамтамасыз ету және қолдану саласында

5.2.1. Қауіпті өндірістік объектінің аумағына келетін Орындаушының барлық персоналы жеке қорғаныш құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз етілуге және қауіпті өндірістік объектінің аумағында болған кезде оларды пайдалануға тиіс;

5.2.2. Тапсырыс берушінің объектілеріне Қызметтерді көрсету үшін алғаш рет келген Орындаушының барлық персоналы өндірістегі ЕҚжЕҚ инженері немесе Тапсырыс беруші осы мақсатта арнайы уәкілеттік берген өзге тұлға жүргізетін кіріспе нұсқамадан өтуге тиіс;

5.2.3. Қызметтер көрсетілетін жерде Орындаушының персоналы өзімен бірге Азаматтық қорғау және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау салаларында тиісті оқудан және аттестаттаудан өткенін растайтын белгілері бар куәлікті алып жүруге тиіс;

5.3. Өндірістік бақылау саласында

5.3.1. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Орындаушының және/немесе қосалқы орындаушылардың осы Шарттың талаптарын сақтауына бақылау жүргізуге құқылы.

5.3.2. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында орын алған авариялар, инциденттер мен жазатайым оқиғаларға қатысты жүргізілген ішкі тергеп-тексеру нәтижесінде Орындаушының кінәсі анықталған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

келтірілген барлық залалды толық көлемде өтеуге міндетті;

5.3.3. Тапсырыс беруші Орындаушының кез келген жұмыскерінің немесе Орындаушы тартқан үшінші тұлғаның кінәсінен емес, сондай-ақ олардың өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі және өндірістік санитария қағидаларын бұзуы салдарынан туындаған жарақаттары, дене жарақаттары немесе қайтыс болғаны үшін жауапты болмайды;

5.3.4. Орындаушы немесе Қызметтерді көрсету үшін тартылған қосалқы орындаушы ұйым Тапсырыс берушінің аумағында жол-көлік оқиғаларына, инциденттерге, авариялларға, төгінділерге, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын немесе жол қозғалысы қағидаларын бұзуға жол берген жағдайда, келтірілген залалдың бар-жоғына қарамастан, Шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады;

5.3.5. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Орындаушыдан Тапсырыс беруші үшін қандай да бір шығынсыз, өз міндеттерін орындауға біліксіз деп Тапсырыс беруші есептейтін немесе Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы келетін әрекеттер жасады деп айыпталатын, не әрекеттері Тапсырыс берушіге зиян келтіретін Орындаушының кез келген жұмыскерін жұмыстан шеттетуді талап етуге құқылы. Орындаушы мұндай талапты орындауға және қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші үшін қосымша шығынсыз аталған жұмыскерді дереу тиісті түрде ауыстыруды қамтамасыз етуге міндетті;

5.3.6. Орындаушы Қызметтерді көрсету кезінде өзі жол берген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы заңнамалық талаптардың бұзылуы үшін, оның ішінде айыппұлдар мен өсімпұлдарды төлеуге, сондай-ақ осыған байланысты келтірілген зиянды өтеуге дербес жауапты болады. Тапсырыс беруші Орындаушының жоғарыда көрсетілген бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тартылған жағдайда, Орындаушы осыған байланысты Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалды өтеуге міндетті;

5.3.7. Қызметтерді көрсету барысында Тапсырыс берушінің жұмыскерлерімен болған оқиғаларға Орындаушының кінәсі болған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеуге міндетті;

5.3.8. Осы Шарттың талаптарын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы талаптарды Орындаушының сақтамауы, сондай-ақ аталған талаптарды бірнеше рет бұзуы осы Шарт талаптарының елеулі бұзушылығы болып табылады және Тапсырыс берушіге осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқық береді. Бұл ретте Тапсырыс берушіде осындай бұзуға байланысты Орындаушыға келтірілген залалды өтеу бойынша қандай да бір міндеттеме туындамайды;

6. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Орындаушы Қызметтерді көрсетуді аяқтағаннан және Шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін, Шарттың талаптарына сәйкес қол қою үшін Тапсырыс берушіге көрсетілген Қызметтердің актісін, Қызметтердегі ішкіқазақстандық құн үлесінің нақты есептемесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактураны ұсынады;

6.2. Тапсырыс беруші Орындаушымен бірлесіп көрсетілген Қызметтердің сапасы мен көлемін тексереді және 10 (он) жұмыс күні ішінде Қызметтерді көрсетілген Қызметтер актісіне қол қою арқылы қабылдайды.

6.3. Қызметтерді қабылдау барысында Шарттан ауытқулар және өзге де кемшіліктер, оның ішінде Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша Орындаушыдан мыналарды талап етуге құқылы: - Қызметтердің кемшіліктерін Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде өтеусіз жоюды; - Қызмет үшін белгіленген бағаны кемшіліктердің мөлшеріне сәйкес азайтуды. Барлық кемшіліктер Тараптар жасайтын жеке Актіде не Қызметтердің қабылданғанын растайтын өзге құжатта немесе Тапсырыс берушінің Орындаушыға жазбаша түрде жолдаған хабарламасында көрсетіледі. Бұл ретте анықталған кемшіліктерді жою мерзімі көрсетілуге тиіс.

6.4. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтижеге қол жеткізілгенге дейін қайталанады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерінің туындау мерзімі аталған рәсімнің жүргізілу мерзіміне ұзартылады. Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі анықталған кемшіліктерді жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметтердің құнын төлемеуге құқылы.

6.5. Анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін Тараптардың уәкілетті өкілдері Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер актісіне қол қояды.

7. Кепілдіктер және Сапа

7.1. Көрсетілген барлық Қызметтердің сапасы Шартқа қосымшаларда көзделген Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік құжаттардың (ГОСТ, ҚР СТ, ТУ, ОСТ, техникалық регламенттер және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуге тиіс.

7.2. Көрсетілген Қызметтер бойынша кепілдік міндеттемелер көрсетілген Қызметтердің түпкілікті актісіне қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде қолданылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.3. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қатысты барлық қажетті рұқсат беру құжаттарының, оның ішінде рұқсаттардың, лицензиялардың, сертификаттардың және т.б. құжаттардың болуына кепілдік береді.

7.4. Шарт талаптарынан ауытқулардың немесе өзге де кемшіліктердің анықталуы Орындаушыны Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушінің кейіннен көрсетілетін Қызметтердің мерзімдеріне, көлеміне және сапасына қатысты талаптар қою құқығынан айырмайды.

7.5. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтердің нәтижелеріне қатысты айрықша құқықтардың үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге Қызметтер нәтижелеріне қатысты айрықша құқықтар бойынша қандай да бір талаптар қойған жағдайда, осы кепілдіктердің талаптары бұзылған кезде Орындаушы Тапсырыс берушіге осыған байланысты келтірілген барлық залалды толық көлемде өтеуге міндетті.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Орындаушының жауапкершілігі:

8.2.1. Қызметтердің мемлекетішілік құнын есептеу шартының талаптарына сәйкес ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

8.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

8.2.3. Өнім беруші белгіленген тәртіппен сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Өнім беруші міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауап береді, оны Өнім беруші төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдап алу - тапыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

8.2.4. Шартта көзделген Қызметтерді көрсету мерзімдерін Орындаушы кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ өсімпұлдың жалпы мөлшері осы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс;

8.2.5. Шарттың талаптарына сәйкес Орындаушы анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді, бірақ өсімпұлдың жалпы мөлшері осы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

8.2.6. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Орындаушы Қызметтерді көрсету мерзімін өткізіп алу жағдайларын қоспағанда, осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған әрбір жағдай үшін көрсетілмеген немесе тиісінше көрсетілмеген Қызметтердің жалпы құнының 10 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.2.7. Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтамағаны/бұзғаны үшін Орындаушы/қосалқы орындаушы осы Шарттың № 5 қосымшасында көзделген жауапкершілікте болады;

8.2.8. Осы Шартты орындау барысында Шарттың 8-бөлімінде және осы Шарттың № 5 қосымшасында көзделмеген өзге де бұзушылықтар анықталған жағдайда, Орындаушы осы Шартқа сәйкес ресімделген құжаттың негізінде осы Шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;

8.2.9. Тапсырыс беруші Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың 8.2.4-тармағында көзделген айыппұлды төлеуге міндетті;

8.2.10. Шарт бойынша Орындаушының міндеттемелерді бұзуы/орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында, осы Шарттың осы бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын/айыппұлды/өсімпұлды төлеу туралы талаптардан басқа, Тапсырыс беруші Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы;

8.2.11. Тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залал тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) бөлек, толық көлемде өтелуге тиіс;

8.3. Орындаушы осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

8.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.4.1. Тапсырыс беруші Көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін кешіктірілген соманың 0,1 % мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы;

8.4.2. Тапсырыс берушінің Қызметтерді көрсету үшін Орындаушыға құжаттарды ұсынуы Шарт талаптарында көзделген жағдайда, Тапсырыс берушінің аталған құжаттарды негізсіз кешіктіріп ұсынуы салдарынан Орындаушының Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындауы мүмкін болмаған кезде, Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кешіктіру салдарынан келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіден өтеуді талап етуге, сондай-ақ осы Шарттың талаптарына өзгерістер енгізбестен, Қызметтерді көрсету мерзімін осындай кешіктіру мерзіміне пропорционалды түрде ұзартуға құқылы.

8.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

8.6. Тапсырыс беруші Орындаушы Қызметтердің уақтылы көрсетілмеуі немесе Қызметтердің барлығын не олардың бір бөлігін орындамауы Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдеген жағдайда, тұрақсыздық айыбын қолданбауға және/немесе өндіріп алмауға құқылы.

8.7. Тұрақсыздық айыбын төлеу Орындаушы тарапынан Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасы қол қойған тиісті жазбаша хабарламаны және төлем шотын алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Орындаушы Тапсырыс беруші Орындаушыға тұрақсыздық айыбын төлеу үшін ұсынған шоттың көрсетілген Қызметтер үшін төлем және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша біртекті қарсы талаптарды есепке жатқызуды жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келіседі.

8.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.9. Шарттың 8-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше мән-жай туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші бір мезгілде бірнеше айыппұл санкцияларын қолдануға шектеусіз құқылы.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

9.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныста енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

9.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

9.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

9.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарламаны жібереді. Хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Орындаушы Шартты орындаумен байланысты, оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар. Алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер Орындаушының Шарт

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

бойынша міндеттемелерді аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзған жағдайларына қолданылмайды.

10. Хат-хабар

10.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес жазбаша түрде ресімделуге тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулар, тапсырыстар, сертификаттар немесе өзге де хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол табыс етілуге не пошта жөнелтілімінің жеткізілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы жіберілуге тиіс. Бұл ретте факс/электрондық нұсқасы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оның түпнұсқасы кейіннен ұсынылуға тиіс, уәкілетті тұлға ЭЦҚ-мен қол қойған және Орындаушының ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жіберілген хат-хабарларды қоспағанда. Егер осы Шартта Орындаушының электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмеген және Орындаушы оны Тапсырыс берушіге ұсынбаған болса, Орындаушының ресми электрондық мекенжайы Веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжай болып есептеледі. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты жүргізілетін хат-хабар бойынша барлық құжаттарда Тараптардың деректемелері және Шарттың нөмірі көрсетілуге тиіс.

10.2. Электрондық пошта және/немесе тапсырысты пошта, курьерлік пошта, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (оның неғұрлым ертерек алынғанын растайтын дәлел болмаған жағдайда) оны алғаны туралы белгі қойылған сәттен бастап жеткізілді деп есептеледі. Тапсырысты (авиа) хат арқылы жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің хаттың жеткізілгенін растайтын мөрі болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10.3. Тараптар заңды мекенжайға, нақты мекенжайға және банктік деректемелерге қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда, бір-бірін бұл туралы дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

11.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және до 31 декабря 2026 года ал өзара есеп айырысу, жауапкершілік, құпиялылық, дауларды шешу рәсімдері және кепілдіктер бөлігінде – олар толық орындалғанға дейін.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының (су тасқыны, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, эмбарго, соғыс немесе әскери іс-қимылдар, диверсия, терроризм, мемлекеттік органдардың Қызметтерді көрсетуге тыйым салатын немесе қандай да бір өзге де түрде кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) салдарынан болған жағдайда, жауапкершіліктен босатылады, бұл ретте аталған мән-жайлар Тараптардың еркіне байланысты болмауға және Тараптардың кез келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуге тиіс.

12.2. Тараптардың кез келгені еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, олар туындаған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапқа осы мән-жайлардың туындағаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Аталған мән-жайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуға тиіс.

12.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайларының, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдардың қолданылу мерзіміне мөлшерлес уақытқа кейінге шегеріледі.

12.4. Осы Шарттың 12.2-тармағында көзделген тәртіппен хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайды міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.

12.5. Егер міндеттемелерді толық немесе ішінара орындаудың мүмкін еместігі 2 (екі) айдан астам уақыт бойы сақталса, Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуларды жүргізуге құқылы.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Тараптар арасында осы Шарттан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

13.2. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотта шешілуге тиіс. Осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.8. Орындаушы төменде көрсетілген талаптар бойынша өз кепілдіктерін сақтайды және мынаны растайды: Орындаушы (мемлекетпен байланысты тұлға болып табылады/мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайды) және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері не тікелей немесе жанама иелері болып табылатын Саяси маңызы бар тұлғалары (бар/жоқ). Орындаушы қандай да бір Саяси маңызы бар тұлға Орындаушының лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған немесе Орындаушының тікелей немесе жанама қатысу үлесін иеленген барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді; заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған, қандай да бір заңсыз мақсаттарды көздемейді және тек заңды қаржыландыру көздеріне ие; Орындаушы және оның Аффилиирленген тұлғалары алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған және мұндай құқыққа қайшы әрекеттерді жасағаны үшін кінәлі деп танылмаған. Орындаушы өзі немесе оның қандай да бір Аффилиирленген тұлғасы осындай құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталған немесе кінәлі деп танылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді; Орындаушы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (ҚМГ) Іскерлік әдеп кодексімен және Тапсырыс берушінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында орналастырылған талаптарымен танысқанын растайды. Орындаушы ҚМГ-ның Іскерлік әдеп кодексін және Тапсырыс берушінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетінін растайды.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

15.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

15.3. Осы бөлім Шарттың мәніне қатысты сот органдарының сұрау салуы бойынша және сот талқылауы барысында Құпия ақпаратты ашу жағдайларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша ақпаратты ашу жағдайларына қолданылмайды.

15.4. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

16. Санкциялар туралы ескерту

16.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адал сенім артады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Орындаушы мыналарға кепілдік береді: (a) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді; Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан; (c) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

16.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, дұрыс емес және (немесе) дәл болмай шықса, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабын алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушының осындай кепілдігінің нәтижесінде немесе дұрыс емес немесе анық болмауына байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

16.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) өнімді жеткізуді/қызметтерді көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкелуі немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

16.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

16.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

16.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

16.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не евро жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, 16.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 16.5 және 16.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

16.8. Осымен Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен жүзеге асыру не евро өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша орынсыз деп танылса, Тапсырыс беруші Орындаушыны бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенетінін растайды және келіседі, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны жазбаша нысанда хабардар етуге және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны (Тараптар келісетін валютаны көрсету) («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі евро төлемді сәтті жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

16.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 16.8 -тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша Deutsche Bank жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

16.10. Шарттың жалпы қолданылу мерзіміне қарамастан, санкциялық міндеттемелерге қатысты Шарттың талаптары Шарт толық бұзылғаннан, одан бас тартылғаннан, оның жарамсыз деп танылғаннан немесе қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін де толық көлемде күшінде қалады.

17. Өзге де талаптар

17.1. Шарт қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жасалды және «Самұрық-Қазына» АҚ Электрондық сатып алу веб-порталы (https://zakup.sk.kz/) арқылы Тараптардың уәкілетті тұлғаларының электрондық цифрлық қолтаңбаларымен қол қою жолымен жасалды, бұл қағаз жеткізгіштегі қол қойылған Шартқа тең және заңды күші бар. Шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қайшылықтар немесе әртүрлі түсіндірмелер туындаған жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады.

17.2. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделген және Шарттың 17.1-тармағының талаптарына сәйкес Тараптардың уәкілетті тұлғалары электрондық түрде қол қойған жағдайда, оның ажырамас бөліктері болып табылады.

17.3. Орындаушы Тапсырыс берушіні Қызметтерді көрсету нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеуге байланысты талап-арыздар мен талаптардан қорғайды, сондай-ақ Шартты орындау барысында және оны орындау салдарынан туындайтын Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген залалға, өз қызметкерлерінің мүлкіне және денсаулығына келтірілген зиянға, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза болуына байланысты барлық тәуекел үшін жауапты болады.

17.4. Тараптар арасында Шартта көзделмеген жаңа міндеттемелердің туындауына әкеп соғатын кез келген келісім, егер ол Шарттың 17.1-тармағының талаптарына сәйкес Тараптармен уәкілетті өкілдері қол қойған қосымша келісім түрінде расталған жағдайда ғана жарамды болып табылады.

17.5. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі. Шарттың талаптарын орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

17.6. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

17.7. Шарттың және оған Қосымшалардың мәтіндерін түсіндіру кезінде қандай да бір алшақтықтар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Шарттың мәтіні басым күшке ие болады.

17.8. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшалар: №1 қосымша – Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі; №2 қосымша – Техникалық сипаттама; №3 қосымша – Ішкі құндылық үлесі туралы есептің нысаны; №4 қосымша – КелісімшартқаЕҚӨҚҚжҚОҚ қосымшасы

18. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Урал Ойл энд Газ" ЖШС	_____
Батыс Қазақстан облысы, Орал Қ.Ә., Есқалиев көш., 179, (3 қабат)	_____
	_____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

БСН 020740001948
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ616017181000000969
АО “Народный Банк Казахстана”
Тел.: +7 (711) 293-3320

БСН _____
БСК _____
ЖСК _____
_____
Тел.: _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	ТЖҚЖС санаттың атауы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
66-5 У	Аудит өткізу/менеджмент жүйелерін сертификаттау бойынша қызмет көрсету, Аудит өткізу/менеджмент жүйелерін сертификаттау бойынша қызмет көрсету		ISO 14001/45001 халықаралық және ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігіне менеджмент жүйелерінің сертификаттық аудитін жүргізу бойынша қызметтер	1.000	1.000	-		3 750 000	ҚАЗАҚСТАН, Батыс Қазақстан облысы, Орал Қ.Ә., ул. С Ескалиева 179, (3 этаж)	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2026 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке услуг №_____

г._____ «__»_____2026 г.

